

## WORLD ASTHMA DAY 2021

### Демікпе туралы қате түсініктерді анықтау

1993 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйымдастыруымен құрылған демікпе бойынша жаһандық бастама (GINA) Дүниежүзілік демікпе күнін (WAD) (5 мамыр 2021 ж.) ұйымдастырды. Дүниежүзілік демікпе күні әр мамыр сайын әлем бойынша демікпе туралы ақпараттандыруды арттыру мақсатында өткізіледі.

ДДСҰ демікпенің қоғамдық денсаулық сақтау үшін маңызды екенін мойындайды. ДДСҰ деректері бойынша бүкіл әлемде 339 миллионнан астам адам демікпемен ауырады (1) және 2016 жылы әлемдік деңгейде демікпеден қайтыс болғандардың саны 417 918 адам болған. (3, 4)

Демікпені емдеу мүмкін болмаса да, эпизодтар немесе өршу деп аталатын демікпе ұстамаларын азайту және алдын алу үшін демікпені басқаруға болады.<sup>1</sup>

Бүкіләлемдік демікпе күнінің тақырыбы - «Демікпе туралы қате түсініктерді анықтау». Тақырып демікпесі бар адамдарға осы жағдайды емдеудегі үлкен жетістіктерден оңтайлы пайда табу үшін кедергі келтіретін демікпеге қатысты кең таралған аңыздар мен қате түсініктерді жоюға шақырады. Бронх демікпесіне қатысты жалпы қате түсініктерге мыналар жатады:

1. Демікпе - бұл балалар ауруы;
2. Демікпе инфекциялық жолмен жұғады.
3. Демікпесі бар науқастар спортпен айналыспау керек.
4. Демікпе тек жоғары дозалы стероидтармен басқарылады.

Шындық:

1. Демікпе кез-келген жаста болуы мүмкін (балаларда, жасөспірімдерде, ересектерде және қарттарда).
2. Демікпе инфекциялық жолмен жұқпайды. Алайда, вирустық респираторлық инфекциялар (мысалы, суық тию және тұмау) демікпе ұстамаларын тудыруы мүмкін. Немесе балаларда демікпе аллергиямен жиі шақырылады, бірақ ересек жаста басталатын демікпе аллергиямен байланысты емес.

3. Демікпе жақсы бақыланатын кезде, демікпесі бар адамдар дене жаттығуларын жасай алады, тіпті ең жақсы спорт түрлерімен айналысады.
4. Демікпе көбіне ингаляциялық стероидтардың аз мөлшерімен бақыланады.

**Сіздің еліңізде немесе аймағыңызда демікпе туралы жиі кездесетін қате түсінікті түзетуге бағытталған қысқаша видео ұсынуға шақыра отырып, GINA демікпе туралы мифтер мен қате түсініктерді жойғысы келеді.**

**Бейнелердің ұзақтығы 15 секундтан аспауы керек. Олардың форматы туралы көбірек мәлімет алу үшін, бізге үлгі және жоспарды алу үшін хабарласыңыз. Өз идеяларыңыз бен бейнелеріңізді электронды поштаға жіберіңіз: [k.rurey@ginasthma.org](mailto:k.rurey@ginasthma.org) (бейнелерді жіберудің соңғы мерзімі 2021 жылдың 30 наурызы).**

**Біз демікпе туралы әлемнің түкпір-түкпіріндегі мифтер мен қате түсініктердің жиынтығын жинап, демікпе туралы хабардарлықты арттыру мақсатында оларды әлеуметтік желілерге орналастыруды жоспарлап отырмыз.**

Бұл логотипті Дүниежүзілік демікпеге қарсы күрес күніне орай жүктеуге, басып шығаруға және таратуға болады.